



Uluslararası Beşeri Bilimler ve Sanat Dergisi

International Journal of Humanities and Art

<http://www.trkdergisi.com>

Araştırma Makalesi / Research Article

e-ISSN:2757-6388

trk dergisi

2021

2(1):101-112

Geliş Tarihi / Receive : 05.05. 2021

Kabul Tarihi / Accepted : 05.06. 2021



Қазақ және Түрік Тілдеріндегі Отбасына Қатысты
Мағыналас Мақал-Мәтелдер

Kazak ve Türk Ailesiyle ilgili Anlamsal Atasözleri

Proverbs and Sayings Related to the Family in Kazakh and
Turkish

Aigerim OZHAROVA

Yüksek Lisans Öğrencisi, İ. Jansugurov Jetisu Devlet Üniversitesi

Graduate Student, I. Jansugurov Jetisu State University

e-mail: aika_k2@mail.ru

Orcid ID: 0000-0001-9960-5402

Mamilya JAKYPBEKOVA

Doç. Dr., İ.Jansugurov Jetisu Devlet Üniversitesi, Filoloji Fakültesi

Assoc. Dr. I. Jansugurov Jetisu State University, Faculty of Philology

e-mail: mamilya_72@mail.ru

Orcid ID: 0000-0001-6375-5257

Atıf/Cite as: OZHAROVA, Aigerim – JAKYPBEKOVA, Mamilya (2021). Қазақ және Түрік Тілдеріндегі Отбасына Қатысты Мағыналас Мақал-Мәтелдер. trk Uluslararası Beşeri Bilimler ve Sanat Dergisi, 2 (1), 101-112. Retrieved from <http://trkdergisi.com/index.php/trk/article/view/44>

İntihal /Plagiarism: Bu makale, en az iki hakem tarafından ve bir intihal programında incelenmiş intihal içermediği teyit edilmiştir. / This article has been reviewed by at least two reviewers and in a plagiarism program and has been confirmed to be free of plagiarism.

Қазақ және Түрік Тілдеріндегі Отбасына Қатысты Мағыналас Мақал-Мәтелдер

Түйіндеме

Мақал-мәтелдер – әр халықтың ой-тұжырымының қорытынды түйіні, өмір сүру барысында көрген – білгендерін, түрлі тәжірибеден туындаған философиялық ойлардан жинақталған, өңделген, бір жүйеге түскен, қалыптасып, тұрақталған көркем ой. Мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің ең қомақты саласы. Олар ой дәлдігімен, өткірлігімен, ықшамдылығымен, бір ғана сөйлеммен бір дауды шешіп, бір ғана түйінмен адамға үлкен ой қалтыруымен ерекшеленеді. Яғни өмірден алынған, шынайы оқиғалардың сұрыпталған жиынтығы. Мақал-мәтелдерде халықтың өмір сүру барысындағы барлық тәжірибенің өнегелі өсиеттері айтылған, халық даналығы сақталған. Ақыл- кеңесі қысқа әрі тұжырымды халық даналығы, атадан- балаға еш өзгеріссіз мұра болып, көне заманда қалыптасса да еш маңызын жоймай, әр заман өзгерісінен көрініс тауып отыр. Мақал мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да көркем, еске сақтауға икемді де жеңіл болғандықтан және тәрбиелеу ісінде ерекше рөл атқарады.

Мақал-мәтел, әдетте барлық адам баласына ортақ қазына. Сондықтан бір халықтың мақалын екінші бір халық төл шығармасындай қабылдап та жатады. Әр тілі, діні, тарихы, мәдениеті ұқсас елдердің ауыз әдебиетін қарастырсақ, көптеген ұқсастықтардың барын аңғарамыз. Қарастырып отырған ауыз әдебиетінің түріне тоқталар болсақ, түбі бір түркі халықтарының нақылдары М.Қашқаридың «Диуани Лұғат- ит түрк» сөздігінен бастау алады. Түрлі тарихи оқиғаларға байланысты туыстық қатынастары үзіліп кеткенімен, қай түркі халқын алмасақ та мағынасы, тіпті мәтіндері бірдей мақалдарды кездестіреміз. Бұл халықтардың ара-жігі көне замандарда үзіліп қалғанымен, туыстық тамырының бар екендігінің дәлелі. Бүгінгі таңда елдердің тәуелсіздікке қол жеткізуі, тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін тереңнен зерттеуге мүмкіндік тудырып отыр. Осы зерттеу жұмысына өзек болып отырған басты мәселе, Қазақ- Түрік халықтарына ортақ даналықтарының бірқатарын қарастырып, олардың мазмұнының ұқсастығын дәлелдеу. Екі елге де құнды мақал- мәтел тақырыбын анықтап, олардың арасындағы байланысты, олардың мазмұн межесіндегі ұқсастықтары мен ұлттық сипатын ашу мақсат етіледі. Осы мақсаттың мүддесінен шығу үшін мынадай нақты міндеттер қойылады:



- мақал-мәтелдердің Қазақ және Түрік тіл біліміндегі зерттелу жайын сипаттау;
- мақал мен мәтелдің ұқсастықтары мен өзара айырмашылықтарын көрсету;
- Қазақ, Түрік халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақ ойлау жүйесінің көріністерін көрсету.

Тірек Сөздер: Мақал, Мәтел, Пішіндік Ерекшеліктер, Мағыналық Ұқсастықтыр, Отбасы.

Kazak ve Türk Ailesiyle ilgili Anlamsal Atasözleri

Öz

Atasözler, her insanın düşüncesinin son düğümüdür, sanatsal bir fikir, oluşturulmuş ve stabilize edilmiş, toplanmış, düzenlenmiş, sistematize edilmiş, yaşam boyunca ortaya çıkan felsefi düşüncelerden, farklı deneyimlerden oluşmuştur. Atasözler, sözlü edebiyatın en önemli alanıdır. Düşüncenin doğruluğu, keskinliği, kompaktlığı, bir cümle, bir düğüm ve bir insanda büyük bir düşünce titremesi ile ayırt edilirler. Yani hayattan alınan gerçek olayların sıralanmış bir kümesidir. Atasözler, halkın yaşamının tüm deneyiminin ahlaki emirlerini seslendirir, halk bilgeliği korunur. Babadan miras kalan bilge, özlü ve özlü halk bilgeliği herhangi bir değişiklik yapmadan çocuğa antik çağlarda ortaya çıkmasına rağmen önemini kaybetmedi. Atasözler, derin bir anlama sahiptir, kelime kompakt ve sanatsal, esnek ve hatırlanması kolay ve ebeveynlik işinde özel bir rol oynamaktadır.

Atasözler, genellikle tüm insan çocukları için ortak bir hazinedir. Bu nedenle, bir halkın Atasözleri başka bir halkın sözleri olarak algılanır. Benzer bir dil, din, tarih, kültüre sahip farklı ülkelerin sözlü edebiyatını düşünürsek, birçok benzerliğin olduğunu görebilirsiniz. Söz konusu sözlü edebiyat türüne odaklanırsak, M. Kaşgari'nin "Divani Lugat-It Turk" sözlüğüne geri döner. Farklı tarihsel olaylarla bağlantılı olarak akrabalık ilişkileri kesintiye uğramış olsa da, hangi Türk halkını paylaşırsak paylaşalım, aynı anlam ve hatta metinlerle Atasözleri karşılıyoruz. Bu, halkların akrabalığının eski zamanlarda kesintiye uğramasına rağmen, ilgili köklerin varlığını gösterir. Bugün, ülkelerin bağımsızlığını kazanmak, Tarih, Kültür, Dil ve Edebiyat derinlemesine incelemeyi mümkün kılmaktadır. Bu çalışmanın altında yatan temel sorun, Kazak-Türk halkları için bir dizi ortak bilgeliği göz önünde bulundurmak ve içeriklerinin benzerliğini kanıtlamaktır. Her iki ülke de, değerli Atasöz konusunu ortaya çıkarmak, aralarındaki bağlantıları, benzerliklerini ve içeriğindeki ulusal karakteri ortaya çıkarmak için bir amacı vardır. Bu hedefin çıkarlarından çıkmak için aşağıdaki özel görevler konur:



Aigerim OZHAROVA / Mamilya JAKYPBEKOVA

- Kazak ve Türk dilbiliminde Atasözü çalışmasının açıklaması;
- Atasözü benzerlikleri ve farklılıkları göster;
- Kazak ve Türk halklarının Atasözleri ortak düşünme sisteminin tezahürlerini gösterir.

Anahtar Kelimeler: Atasözü, Benzerlik Özellikleri, Darbimesel, Anlamla İlgili Benzerlik, Aile.

Proverbs and Sayings Related to the Family in Kazakh and Turkish

Abstract

Proverbs and sayings are the final link of the thought of each people, an artistic thought that is formed, processed, formed and stabilized, collected from philosophical thoughts that arise from various experiences, what they have seen and learned in the course of their lives. Proverbs and sayings are the most significant branch of oral literature. They are distinguished by the accuracy of thought, sharpness, compactness, resolution of one dispute with one sentence, and great thinking of a person with only one node. That is, a sorted set of real events taken from life. In addition, the head of state noted the importance of the development of the Kazakh language in the context of the modernization of public consciousness, the importance of the development of the Kazakh language in the context of the modernization of public consciousness.

If we look at the oral literature of countries with different languages, religions, history, and cultures, we can see that there are many similarities. As for this type of oral literature, the proverbs of the Turkic peoples are based on the dictionary of M. Kashgari "Diuanı Lugat - it Turk". Despite the fact that kinship relations have been severed due to various historical events, no matter which Turkic people we exchange, we find proverbs with the same meaning and even texts. This is evidence of the existence of kinship roots, although the relationship between the Peoples was interrupted in ancient times. Today, the country's independence allows us to study its history, culture, language, and literature in depth. The main issue of this research is to consider a number of common wisdom of the Kazakh - Turkish peoples and prove the similarity of their content. It is aimed to identify the topic of Proverbs and sayings that are valuable for both countries, to reveal the connection between them.

Keywords: Proverbs, Sayings, Form Features, Semantic Similarities, Family.



"Beşeri Bilimler ve Sanat Dergisi"
"International Journal of Humanities and Art"
[trk dergisi/2021]

e-ISSN:2757-6388
Cilt/Volume:2
Sayı/Issue:1

Кіріспе

Мақал –мәтелдер халықтың сан ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан құнды қазынасы. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, терең мазмұнымен ерекшелене отырып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізе біледі. Мұндағы ой қысқа әрі ықшам болады. «Мақал-мәтелдердің басқа мәдениет қорынан ерекшелігі, көлем жағынан қысқа, мазмұн жағынан тереңдігінде ғана емес, оның барлық халыққа бірдей ортақтығында, көңілге ерекше қонымды, ұтымдылығында», - дейді ауыз әдебиетінің аталмыш саласын алғаш зерттеуші ғалымдардың бірі Өтебай Тұрманжанов (Тұрманжанов, 1957: 3), ал Түрік зерттеушісі Чобаноғлу: «Дүниежүзіндегі барлық халықтардың ата- бабаларынан қалған жол сілтеп, әдіс, нұсқау беретін сөздер бар. Бұл сөздер мақал-мәтелдер деп аталады», - деген анықтама береді. (Чобаноғлу, 2004: 1).

«Мақал – мәтелдердің пайда болып, қалыптасу тарихы тым әріде жатыр. Мақал- мәтел – халық фольклорының қоғамдық әлеуметтік құбылыстарды кеңінен қамтып, өмірдегі сан қилы қарым – қатынастар мен іс –әрекеттерді әсерлі де көркем бейнелейтін мазмұны бай саласы. Сондай – ақ мақал- мәтелдер – ғибратты нақыл, белгілі бір ой мен тұжырымды ұтымды да өткір етіп жеткізетін өрнекті сөз» (Қасқабасов, 2017: 253).

Мақал –мәтелдер ғасырлар бойы қалыптасып, жалғасып келе жатса да, еш өзгеріске ұшырамаған. Олардың ықшамдылығы, тілге тез орамдылығы есте сақтауға үлкен септігін тигізсе керек. Осыған байланысты академик Өмірзақ Айтбаев: «Аталарымыз көбіне білектің күшіне емес, жүректің сөзіне тоқтап отырған. Сөздің сылдырына емес, шындығына бойлаған. Сөздің көптігіне емес, дөптігіне құлаған» ,- деген пікір білдіреді (Айтбаев, 2003:4). Қай халықтың болсын сарқып ішер сарқыты, ордалы сөздерінің ой қаймағы іспеттес. Ауыз әдебиетінің бұл түрі әр елде сөйлесе сөздің шұрайын келтіретін, кесімді ойын жеткізетін сөз қаруы. Бірқатар ғылым салаларын байланыстыра зерттеген ғалым Густав Густавович Шпет: «Адамның, халықтың, топтың «рухани құрылымы» күнделікті өмірде, басқа да нақты тарихи шындықпен үндесіп және басқа да факторлармен байланысып жатады» (Шпет, 1996: 143) – дейді. Бұл құнды пікірден аңғаратынымыз, мақалдарды жекелеген адамдарды шығарғанмен, олар сол кездегі ру-тайпаның, қоғамның өмірі, психологиясы, тарихының көрінісі. Мақалдардың авторы да, жеткізушісі де – халық. Сол себепті де кейде өмір сүріп отырған заманына сай мазмұнының өзгеріп отыруы ғажап емес. Дегенмен, көркем шығармада кездесіп жататын мақалдардың авторы да табылып жатады.

Сөзінің астарлы болуы, мағынасының терең болуы мақалдарға тән құбылыс. Белгілі бір дүниеге байланысты айтылғанмен, астарында адам



әрекеті, заманның кем тұстары суреттелуі мүмкін. Түбіне үңілер болсақ, жамандықтан сақтанып, жақсыға ұмтылып, әр нәрсені байыбына жетіп, бағалай білуге шақырады. Ғалым Ш.Йылдырым «Көне Түрік фольклорындағы өлеңдер мен мақал- мәтелдер» атты еңбегінде мақал –мәтелдердің пішініне тән бірнеше ерекшеліктерді атап көрсетеді:

1. Мақал – мәтелдер қалыптасқан сөздер. Сөздер әбден орныққан. Оларды тіпті мағыналас, яғни синоним сөздермен де ауыстыруға болмайды.

2. Мақал – мәтелдер қысқа әрі нұсқа сөздер.

3. Көбінесе етістіктер ауыспалы осы шақ, ал кейде бұйрық райда тұрады. Басқа райда, өте аз кездеседі (Йылдырым, 2010:64).

Өмер Аксой да мақал – мәтелдердің пішініне (формасына) тоқталып, оларға тән үш түрлі ерекшелікті көрсетеді:

1. Мақал- мәтелдер белгілі бір заңдылыққа құрылып, пішінін сақтайды. Олардың құрамындағы сөздерді мағыналас сөздермен ауыстыруға келмейді. Мысалы: «Ауруын жасырған өледі» деген мақалда «ауру» сөзін «науқас» сөзімен ауыстыра алмаймыз.

2. Мақал –мәтелдер қысқа және нақты. Аз сөзбен көп нәрсені жеткізе біледі. (Мысалы: «Тікенсіз гүл болмас»)

3. Мақал- мәтелдердің көпшілігі бір-екі сөйлемнен тұрады. Өлең түрінде келетіндері сирек. (Aksoy, 1993: 4)

Сондай –ақ ғалым, мақал- мәтелдердің тұжырымдық ерекшеліктеріне кеңінен тоқталып, былайша жіктейді:

1. Әлеуметтік оқиғалардан хабар беретін, ұзақ жылдар нәтижесінде қалыптасқан мақал – мәтелдер;

2. Табиғат құбылыстарын ұзақ бақылау нәтижесінде пайда болған мақал – мәтелдер;

3. Әлеуметтік оқиғаларды ұзақ бақылау нәтижесінде, адамға сабақ болатындай мақал – мәтелдердің пайда болуы;

4. Моральдық- логикалық негізінде сабақ боларлық мақал – мәтелдер;

5. Бірқатар шындық, философиялық ақыл- ойды білдіріп, жол көрсетер мақал – мәтелдер;

6. Салт – дәстүрлер жайлы мақал – мәтелдер;

7. Бірқатар сенімдерді білдіретін мақал – мәтелдер (Aksoy,1993: 28)

Мақал-мәтелдер-өмір шындығының қорытындысы

Мақал мен мәтел домбыраның қос ішегіңдей бір- бірімен байланысты болғанымен, айырмашылығы да баршылық. Бұл жайында ағартушы ғалым А.Байтұрсынов былай дейді:

«Мақал да тақпаққа жақын салт- санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан көрі мақал маңызды, келеді. Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі- белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел



ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады»
(Байтұрсынов, 1989: 250).

Мақал – ұйқасты, үйлесімді, қысқаша ғана айтылатын сөз мәйегі. «Мақал дегеніміз өмірлік тәжірибеден туындап, сан қилы құбылыстарға берілген түйінді баға, тұжырым. Мақалдар тұлғасы жағынан толық болып, тұтас бір ойға негізделеді» (Қасқабасов, 2017: 254). Көбіне екі тармақтан тұрады. Алғашқысында ойдың мағынасы берілсе, екінші тармағында сол ойды қорытады. Сондай – ақ, мақалдарды зерттеп-зерделей келе, олардың өзіндік ерекшеліктерін аңғаруға болады. Алдымен олардың ықшамдылығы, мазмұнының дәлдігі, өткірлігі, дәлелдер мен ой қорытындысының қатар жүруімен ерекшеленеді. Қай елдің мақалдарының болмасын ішкі құрылысына үңілсек, екі түрлі болып келетіндігін көреміз, бірі ойды ашық білдірсе, екіншісі астарлап жеткізіп отырады. Ал құрылысы жағынан, бір ғана сөйлемнен құрала отырып, мазмұны ашық, анық беріледі.

Енді мәтелдерді де жеке талдап қарайтын болсақ, мәтел – мақалға ұқсас, бірақ онда тек бір тұжырымды ой айтылады. Олардың да өзіне тән мынай ерекшеліктері бар:

- мәтелдер көбіне теңеу, сөз кескіні ретінде беріледі;
- дәлелдеу немесе қорытынды ойдың бірі ғана беріледі;
- ойды астарлап жеткізеді;
- тыңдаушыға ой салу мақсатында сөздің түсіп қалуы.

Мақалдар мен мәтелдердің ерекшелігін, айырмасын сөз қылғанмен, олардың бір ауыз сөзбен бір дауды шешетіндей, том- том кітаптың тобықтай түйінін бере алатындай, көп сөзді бір ғана түйінді оймен жеткізе алатындай қасиетке ие екеніне көз жеткіземіз.

Қазақ-Түрік халықтарындағы «Отбасы» туралы мәндес мақал-мәтелдер

Әр халықтың даналығы мен жігерлігі мақал- мәтелдерінен айқын көрініс табады. Басқа ұлттың даналығын білу арқылы, біз сол ұлтты жан- жақты тани аламыз, халықтар арасындағы ұқсастықты, достықты сезінеміз. Туыстас түркі халықтарының қай- қайсысын алсақ та, рухани қазынаға бай, ұрпағына қалдырар өсиеті мол.

Мақалдар мен мәтелдердің мазмұнына, сөздік құрамына қарап, олардың қашан пайда болғанын, тақырыбының сан алуандығын байқауға да болады. Қай елде болмасын ел мен жер, оны сүю, құрметтей білу, батырлық пен батылдық, оқу-ғылым, ерлік пен еңбек, отбасы, дін, жақсы- жаман қасиеттер, сұлулық, табиғат, т. б. сияқты тақырыптар мақалдардың басым бөлігін құрайды. Сондай – ақ, әр ұлттың кәсібіне, тұрғылықты жеріне, ұлттық болмысына, тіпті жиі тұтынатын заттарына, тағамына байланысты да жекеленген, болмысын танытатын аталы сөздері де кездесіп жатады. Ол атаулар басқа ұлттарда



сирек немесе мүлде кездеспеуі мүмкін («Her kadın sakız çiğner, ama Auşe ablam gibi patlatamaz», «Çaresiz derde Lokman neylesin», т.б.).

Қоғам іргетасының қалыптасуында «отбасы» мәдениетінің ықпалы зор. Адам- әр мемлекеттің құнды қазынасы болса, отбасы – мемлекеттің ішіндегі шағын мемлекет. Барлық елде әрбір қоғам мүшесінің орны ерекше, отбасы ретінде адамдардың қоғамға тигізер үлесі зор. Қазақ халқы «Отбасы ошақ қасы» деп отбасы сөзін ошақпен, жылулық, мейіріммен байланыстырады.

Түркі халықтарының мақал – мәтелдері өте ұқсас келеді. Олардың М.Қашқаридың «Диуани Лұғат- ит түрк» сөздігінен бастау алғаннан болса керек. Тілдік өзгеріске ұшырағмен, сөздердің орны ауысқанмен, мағынасы бір болып келеді. Түбі бір Түрік халқының Қазақ халқымен ортақ тұстары көптеп кездесіп жатады. Екі елдің шығу тегі, тілі, діні өте ұқсас келеді. Мәселен, отбасылық мәселені алар болсақ, екі мемлекетте де «өмірдің тірегі- әке, тұрағы ана» деп ата-анаға ерекше құрметпен қарайды. Осы бір үлкен құндылықтардың екі ел арасындағы мағыналас мақал- мәтелдерден қалай көрініс табатын қарастырсақ. Отбасына қатысты мақалдарда әр отбасы мүшесіне қандай да бір талап қоятындығы, қоғам алдындағы міндеттерін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен жеткізе білгендігін аңғаруға болады.

Отбасындағы ең киелі, қасиетті адам- ана. Ана туралы жырламаған ақын, мүсінін жасамаған мүсінші, ән арнамаған әнші, құрметтемейтін адам жоқ. Барлық тіршіліктің басы, үйдің берекесі де аналарымыз. Сондықтан да аналар жайлы мақалдар қай халықта болсын, көптеп кездеседі.

Қ.: Жұмақ ананың аяғының астында

Т.: Cennet annelerin ayakları altındadır» (Ешптаева,2019:432)

немесе,

Қ.: Анаңды Меккеге арқалап барсаң да, қарызынан құтыла алмайсың.

Т.: Annenî sırtında Hicaz Mekke'ye götürsen de, hakkını ödeyemezsin. (Ешптаева,2019:410), - деп Қазақ халқы да, Түрік халқы да қасиетті Меккеге жаяу апарсаң да, ананың қарызынан құтылу мүмкін емес екенін айтады. Әлбетте, шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, есейіп ер жетіп кеткен баласы үшін әр ана жүрегін шүберекке түйіп, соңғы демі қалғанша, баласының тілеуін тілеп өтеді. Ананың балаға деген махаббатының өлшеуі жоқ. Ал келесі мақалда:

Қ.: Анасын көріп қызын ал,

Бдысын көріп асын іш.

Т.: Anasına bak kızını al,

Kenarına bak bezini al (Ешптаева, 2019: 409),- деп өмірлік жар таңдағанда да, қызын көрмесе де, білмесе де анасының қандай екеніне мән берген. Анасының мінезінің, тәрбиесінің ел арасындағы маңызы зор болған. Бұл жерден де аңғаратынымыз ананың қоғам өмірінде де үлкен



рөл атқаратындығы. Яғни, жоғарыда аталған үш нақылдың мағынасы ғана емес, дыбысталуы да ортақ боп келеді. Сондай-ақ, келесі бір нақылдан ананың орнын өмірде еш адамның алмастыра алмайтынын, анасыз адамдардың жауһарға қол жеткізсе де жүрегiнiң бiр бөлiгi бос тұратынына көз жеткіземіз:

**Қ.: Әкесіз жетім жарты жетім,
Шешесіз жетім анық жетім.**

Т.: Anasız çocuk evde çürür,

Babasız çocuk çarşıda (Ешптаева, 2019: 428) / (Анасыз бала үйде шіриді, Әкесіз бала базарда)

Қ.: Анадан артық дос бар ма?

Ашудан жаман қас бар ма?

Т.: Ana gibi yar olmaz,

Bağdat gibi diyar olmaz. (Гюнеш, 1999: 124) (Ана сияқты ғашық болмас, Бағдат сияқты ел болмас). Бұл мақалдан аңғаратанымыз ана сияқты баласы үшін ешкім қуана да, қайғыра да алмайды. Нақылдардағы сөздердің орны ауысқанымен, мағынасы толықтай сақталады.

Отбасында орны бөлек адам- әке. Әке – асқар тау, отбасының тіреуі, қамқоршысы, асыраушысы. Отағасының тәрбиесі, махаббаты, мейірімі ерекше болады. Баланың әкеге деген құрметі де ерекше. Екі елдің де отбасылық психологиясына үңілер болсақ, ер адам сөздің иесі, барлық мәселенің түйінін шешуші, қабағына қарап отбасы мүшелері ойын аңғарып, әр нәрсені орнымен жасап отырған. Төмендегі мақалдар арқылы халық әкенінің қоғам алдындағы дәрежесін, сый- құрметін, қадірін аңғартады:

Қ.: Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды.

Т.: 1. Babasına hayrı olmayanın kimseye hayrı olmaz (Ешптаева, 2019: 428)

(Әкесіне қайыр қылмаған, ешкімге қайыр жасамайды)

2. Atasına düşman olan, evladına dost olmaz. (Ешптаева, 2019: 428)

(Атасына жау болған, адам баласына дос болмайды) немесе

Қ.: Әкенің қадірін балалы болғанда білерсің

Т.: Baba olmayan, babasının kıymetini bilmez (Ешптаева, 2019: 430) (Әке

болмай, әкенің қиындығын білмес), - деп әкенің бала үшін еңбегінің есепсіз екенін айтып, жеткізгісі келеді. Енді бірде:

Қ.: Әкенің байлығы балаға азық болмас.

Т.: Baba malı tez tükenir (Ешптаева, 2019: 428) (Әкенің малы тез таусылар),

- деп баланы еңбекке баулып, жалқаулықтан аулақ болуға шақырады. Әкесі ұл баланы жанында ертіп жүріп, болашақта оның да бір отбасының асыраушысы болатынын, мойнына үлкен жауапкершіліктің артылатынына тәрбиелейді, кәсіпке үйретеді.

Ер адам мен әйел адамның сөз байласып, шаңырақ көтергенде, алдымен армандап, Алладан тілейтіні – бала. Нәресте дүниеге келген күннен ата- анасына қуаныш сыйлап, отбасыларының берік, махаббатқа



толы, көз нұры, көңіл қуанышына айналады. Қазақ халқы да, Түрік халқы да бала тәрбиесіне, күтіміне ерекше назар аударады. Сондықтан халық даналығы:

Қ.: Балалы үй базар, баласызүй мазар.

Т.: Çocuklu ev pazar, çocuksuz ev mezar (Ештаева, 2019: 433), - деп шаңырақ көтерген отбасында баланың орнын ерекше бағалап, асыға күтеді. Бала үйде қуанышта та, күлкі де жоқ, мазармен теңестіреді. болмаған. Бұл мақалдың мағынасы да дыбысталуы да бірдей боп келеді. Сондай – ақ, баланың пәктігі, шыншылдығы, періштедей тазалығы жайында халық нақылы былай дейді:

Қ.: Балалы үйдің ұрлығы жатпас

Т.: Bir çocuktan bir deliden al haberi (Ештаева, 2019: 431) ,- Түрік халқында да, «бір нәрсені білгің келсе, баладан не ақымақтан сұра» (тікелей аудармасы) деп, олардың пәктігін мақалдарына қосады. Сонымен қатар:

Қ.: Баланы жастан

Т.: Ағаш уақ икен егілір (Гюнеш, 1999: 101) (Жас ағаш тез иіледі), - деп бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, кішкентай кезден дұрыс тәрбиелеу керектігін айтады. Түрік мақалында жас шыбық иілгіш болатындай, бала да тәрбиеге тез бағынатынын астарлап жеткізеді. Сол сияқты келесі бір даналықта:

Қ.: Бала, баланың ісі шала (Малайсарин, 2007: 69)

Т.: Çocuğa iş ver, ardına sen düş. (Гюнеш, 1999: 101) (Балаға іс тапсырсаң, артына түс),- деп бала балағын жасайтынын ескертеді. Әр балаға қатысты мақалдың мағынасына үңілсек, екі елде де балаға деген сүйіспеншілік, еркелету жатқандығы сезіледі.

Сонымен қатар отбасы жайлы сөз болғанда, ерекше суырылып шығатын тақырып – әйелдерге қатысты. Себебі, әйел адамның қоғамда, отбасында атқаратын рөлі ұшан- теңіз. Әйел – алдымен ана, ақжаулықты әже, екі елді байланыстырып, бірлікті сақтаушы, туыстық орнататын, ер адамның бақыт мекеніне айналған нәзік жаратылыс иесі. Ежелден әйел адамдарды мойнына артылған қаншама міндетке, ыстықты да, суықты да қабылдап, жат жұртқа барып сіңісіп, барлық нәрсенің бабын таба білгеніне қарап, халқымыз

Қ.: Әйел қырық шырақты ,- десе, қандас бауырларымыз:

Т.: Kadının kırk mumu var, biri sönsе biri yanar(Ештаева, 2019: 437), - әйел заты қырық шырақты, бірі сөнсе, бірі жанады деп нәзік жандыларға ерекше құрмет танытады. Сондай – ақ, екі елде де әйелдерді ерекше бағалайтын, мағыналы мынадай нақыл бар:

Қ.: Әйелі жоқ үй жетім.

Т.: Kadınsız ev olmaz (Ештаева, 2019: 438) (**Әйелсіз үй болмас**),- деп әйелдерді ерекше бағалаған.

Пайғамбарымыздың өзі ерекше бағалап, қаншама хадисінде сөз еткен ерекше қоғам иесі- қыз бала. Қыз дүниеге келген күннен бастап,



«шаңырақтың қырық шырағы жағылды» деп елде ерекше қуаныш болған. Отбасында ұл баланы қаттырақ тәрбиелесе, қыз баланы қонақ деп ерекше құрметтеген. Олардың тәрбиесіне ерекше жауапкершілікпен қоғам болып ат салысқан. Себебі, болашақтың барлық тармағы осы нәзік жанды арулармен байланыстырылған. Сол себепті, бала тәрбиесіне ерекше мән беретін екі халықта да:

Қ.: Қызға қырық үйден тию

T.: Kadın erkek değil, ar ve namus korur. (Ештаева, 2019: 437) (Әйелді еркек емес, ар мен намыс қорғайды), – деп қыз баланың жүріс-тұрысына, тәрбиесіне, сөзіне, киіміне ерекше мән берген. Енді бірде:

Қ.: Қызым саған айтам, келінім сен тыңда

T.: Kızım sana söylüyorum, gelinim sen anla» (Ештаева, 2019: 431) (Қызым саған айтамын, келінім сен түсін) – деп, қызына айта отырып, барша нәзік жандыларға құлақ қағыс жасап, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен, бір қауымды тәрбиелеген. Жаңа түскен келінге үйреткісі келгенін, астарлап жеткізген, жанын жаралап алудан сақтанған. Келінді «қызым» деп бауырына басқан. Сөйтіп жаңа ошақтың шамын жағып, жақсы ана, инабатты келін, сыйлы жеңге, болашақта сабырлы, салиқалы әулиетті тәрбиелейтін отана болуы үшін, аналар аянбай еңбек еткен. Осылайша ұрпақ жалғастығы, ел тұтастығын сақтайтын жастарды тәрбиелеу дәстүрін қалыптастырған.

Қ.: Қыз бала жат жұрттық

T.: Kız çocuğu, el çocuğu. (Гюнеш, 1999: 42) (Қыз бала, қолбала), - деп қыз баланы үнемі төрге отырғызып, ерекше еркелеткен. Барлық наз қылықтарын қабылдап, жастайынан жат жұрттық екендігін есіне салып, үй шаруасына икемдеп, басқа ошақтың түтінін түзу түзететіндей етіп тәрбиелеген.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қазақ –Түрік мақал – мәтелдері күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ортақ тіл қазынасы. Түрік және Қазақ мақал-мәтелдерінен олардың тақырыптары мен мазмұндарының ортақтығын сақтап қалғанын аңғарамыз. Мақалада талданған мақал- мәтелдерден кейбірінің дәл баламалары болғанын байқасақ, енді бірінің сөздерін орны ауысқанмен мағынасын сақтап қалғаны аңғарылады.

Түрік халқында да, Қазақ халқында да әр шағын мемлекет мүшесіне жеке мән беріп, тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ұсақ дүниеден көлемді мәселелерге ден қойып, мемлекеттің мызғамастығын сақтау үшін үлкен жұмыстар атқарған. Халық арасында тоқсан ауыз сөзді, бір ғана сөзбен шешетін "ауызша энциклопедияларын» қалыптастырған. Сөйтіп мақал- мәтелдер бүкіл халықтың өмірін суреттей білген, қастерлі ескерткішкіне, сарқылмас даналығына айналған.

Мақалада екі елдегі отбасына қатысты мақалдарды зерттей келе, олардың қоғам өміріндегі қызметін айқын аңғаруға болады. Мақал-



мәтелдерден Қазақтар мен Түріктерде отбасы және неке ұғымы аса қастерлі екенін түсінеміз. Мәдени мұрасының көптеген ұқсас тұстары, ойлау дәстүрі, дүниетанымы туыстас түбі бір екендігінің айғағы. Бұл зерттеу жұмысында тек отбасының құндылығы ғана емес, екі елдің мәдениетін біріктіре білу көзделді.

Бұдан өзге де мақал- мәтелдер көптеп кездеседі. Өлі де тереңдетіп зерттеу жұмысын жүргізіп, осы бір құнды дүниелерге зер салсақ, бұл ортақ мәдени құндылықтардың ашылуына үлкен үлес қосады деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

Айтбаев Ө. (2003). Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Қайнар университеті. – Алматы.

Aksoy, Ömer Asım (1993) *Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü*. Ankara: İnkılap Kitabevi.

Шәріпов Ә., Дәуітов С. (Құраст.) (1989). *Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, Аудармалар, Зерттеулер*. Алматы: Жазушы, – 320 бет.

Güneş Sadriye (1999). *Türk ve Rus Atasözleri Arasındaki Benzerlikler*. Yüksek Lisans Tezi, İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.

Йылдырым Ш. (2010). Көне Түрік фольклорындағы өлеңдер мен мақал-мәтелдер. Шымкент, -120б.

Қазақ және әлем тілдері мақал- мәтелдері. Алматы: «Сөздік- Словарь» ЖШС. 2019- 672бе

Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. (2017). *Қазақ Фольклоры*. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. Алматы: «Әверо» баспасы, – 288бет.

Малайсарин Ж. (Құраст.) (2007). *Қазақ Мақал- Мәтелдері*. Алматы: «Ана тілі» баспасы, ЖШС - 184бет.

Ештаева, Н. А. - Адамбекова, Б.М., - Атабай, Б.А. т.б (Құраст.) (2019). *Қазақ және әлем тілдері мақал-мәтелдері - Сөздік - Словарь*. Алматы, 672 бет.

Тұрманжанов. Ө. (1957). *Қазақтың мақалдары мен мәтелдері*. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы.

Çobanoğlu, Ö. (2004). *Türk Dünyası Ortak Atasözleri Sözlüğü*. Ankara: AKM Yayınları.

